- определение основных участников рисков и слабых сторон в системах и организациях;
- сравнение рисков в альтернативных системах, технологиях или подходах;
- поддержание связи рисков и неопределенностей;
- содействие в установлении приоритетов;
- содействие в предотвращении инцидентов, основанном на исследовании, проведенном после свершения инцидента;
- выбор различных форм обработки рисков;
- соответствие законным требованиям;

- предоставление информации, которая поможет определить допустимость риска при сравнении с заданными критериями.

Основные принципы управления рисками предусматривают политику, процедуры и организационные мероприятия, которые будут внедрять систему управления рисками по всей организации на всех уровнях.

В высшем учебном заведении основным процессом является оказание образовательных услуг и научно-исследовательская деятельность, то оценка степени рисков по образовательной программе проводится не менее одного раза в учебный год.

При определении рисков каждый руководитель процесса устанавливает вероятность возникновения риска, путем определения процента высоких и маловероятных рисков по каждому процессу, на основе этого определяются рамки рисков.

Карта рисков составляется на основе вероятности и значимости рисков.

Оценка риска представляет собой совокупность вероятности риска и его материальности. Оценка риска осуществляется с горизонтом прогноза, равным 1 году.

Вероятность риска является экспертной метрикой и определяется по 5-балльной шкале (см. таблицу 1).

Таблица 1 - Шкала для определения вероятности риска

Балльная оценка	Значение в%	Интерпретация
1 (Очень низкая)	1-7%	Событие скорее всего будет происходить не чаще 1 раза в 15 лет
2 (Низкая)	7-20%	Событие скорее всего будет происходить 1 раз в 5-15 лет
3 (Средняя)	20-50%	Событие скорее всего будет происходить 1 раз в 2-5 лет
4 (Высокая)	50-70%	Событие скорее всего произойдет в ближайшие год-два
5 (Очень высокая)	>70%	Событие скорее всего произойдет в ближайшем году

Руководители процессов по вышеуказанной шкале на основе анализа своих процессов определяют вероятность возникновения рисков. Вероятность возникновения рисков определяется на 1 календарный год.

Итоговое значение Z определяется: количество вероятных рисков от 30% (30 включительно) -А, делим на общее количество вероятных рисков по данному процессу - Б, умножая на 100%.

$$Z = A/B * 100\%$$

Анализ рисков ориентирован на способствование пониманию рисков. Он предоставляет данные для оценки рисков и принятия решений относительно необходимости рассмотрения рисков и наиболее подходящих стратегий и методов рассмотрения. Анализ рисков включает в себя рассмотрение причин и источников рисков, их последствий и вероятность возникновения этих последствий. Должны быть определены факторы, влияющие на последствия и вероятность. Событие может иметь множество последствий и может повлиять на многие цели.

В целях предупреждения рисков предлагается разработка карты управления рисками, которая определяется значимостью рисков и вероятностью их возникновения. Определены 3 основных параметра по степени влияния на деятельность высшего учебного заведения среди них:

- Критический риск
- Приемлемый риск
- Незначительный риск

Мониторинг рисков заключается в контроле над уровнем риска. Это достигается путем актуализации на регулярной основе (один раз в год) информации о рисках, мероприятий по управлению рисками, статуса выполнения мероприятий, а также путем отслеживания степени влияния и вероятности возникновения

рисков, разработанных ранее на этапе идентификации и оценки риска.

В теории рисков риск определяется как возможность возникновения потерь, вытекающая из специфики тех или иных явлений природы и видов человеческой деятельности; вероятность принятия неверных или непринятия нужных управленческих решений; вероятность получения незапланированных результатов при осуществлении той или иной деятельности. Наступление рискового случая может привести к разным результатам: отрицательному, положительному или нулевому (все прошло так, как было запланировано) [1, 2].

Применительно к рассматриваемому случаю риск будет заключаться в не достижении заинтересованными сторонами целей, зависящих от качества образования. Например, предприятие не сможет быстро увеличить производительность труда вследствие недостаточной квалификации работников. Кроме того, имеется вероятность, что за счет использования вузами эффективной, постоянно совершенствующейся системы менеджмента качества [3], а также системы прогнозирования будущих запросов потребителей образовательных услуг и выпускников заинтересованные стороны могут получить результаты сверх своих ожиданий.

Из вышесказанного можно сделать вывод, что предлагаемая методика управления рисками в системе высшего образования позволит разработать в вузе эффективную систему обеспечивающую качество подготовки специалистов.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Балабанов, И.Т. Риск-менеджмент / И.Т. Балабанов. - М.: ФиС, 1996. 192 с.
- 2 Балабанов, И.Т. Основы финансового менеджмента: Учеб. пособие. 3-е изд., перераб. и доп. / И.Т. Балабанов. - М.: ФиС, 2001. 528 с.
- 3 Губарев, В.В. Системное представление качества образования / В.В. Губарев // Стандарты и качество. - 2002. - № 4. - С. 30–35.

Сауле Салимжановна Алдабергенова

Начальник службы качества,
АО «Казахский агротехнический университет» им.
С. Сейфуллина

E-mail: ASS_1982@mail.ru

Saule Salimzhanovna Aldabergenova

Head of Quality Service,
S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University

E-mail: ASS_1982@mail.ru

Салимжан Рахманович Алдабергенов

Учитель школы №49 первой категории

Salimzhan Rakhmanovich Aldabergenov

Teacher of the first category of school №49





ТҮСТІКБАЕВ І.Н.
ҚСА Президенті

TUSTIKBAYEV I.N.
ASK President

ЖАСТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

СИСТЕМА МОЛОДЕЖНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ

YOUTH GOVERNMENT SYSTEM

Қазақстан Республикасындағы ЖОО мен колледждердегі жастардың өзін-өзі басқару жүйесін дамыту. Жастар жылы аясында білім орындарындағы Жастар ісі жөніндегі комитет басшыларын біріктіру. Қазақстан студенттерінің Альянсы студенттерге мүмкіндік беретін алаң және ең үлкен студенттік қозғалыс ретінде студенттерге барлық жағдай жасауды, Қазақстан болашағына үлес қосатын жастар тәрбиелеуді мақсат қылып алған ұйым. Қазіргі заманда студенттерге мүмкіндік пен жауапкершілікті өздерінің қолдарына беру. Алдағы жоспарлар мен міндеттер қандай және жету жолдары.

Түйін сөздер: Мемлекеттік жастар саясаты, ҚР Президенті жанындағы Жастар саясаты кеңесі, жастар ісі жөніндегі комитеттер, студенттік ұйымдар мен кәсіптік одақтар, студенттер үйі.

Развитие системы молодежного самоуправления в ВУЗах и колледжах РК. В рамках Года Молодежи объединение руководителей комитетов по делам молодежи образовательных учреждений. Альянс студентов Казахстана площадка для развития студентов и организация защищающая интересы студентов. В настоящее время нужно больше давать возможности студентам и возложить больше ответственности на них. Планы на будущее и наша роль в их реализации.

Ключевые слова: Государственная молодежная политика, Совет молодежной политики при Президенте РК, комитеты по делам молодежи, студенческие организаций и профсоюзы, дом студентов.

Development of the system of youth self-government in universities and colleges of the Republic of Kazakhstan. As part of the Year of Youth, an association of leaders of committees on youth affairs of educational institutions. The Alliance of Students of Kazakhstan is a platform for the development of students and an organization protecting the interests of students. At present, it is necessary to give more opportunities to students and to place more responsibility on them. Plans for the future and our role in their implementation.

Key words: State youth policy, Youth Policy Council under the President of the Republic of Kazakhstan, youth affairs committees, student organizations and trade unions, students' house.

Әрбір адам өз өмірінде бірнеше кезеңдерден өтеді. Тамаша және біркелкі, өзгертуге келмейтін студенттік өмірдің кезеңі. Жарқын әсерлер, жаңа достар, білімге сусындаған кездерің нағыз студенттің шағын сипаттайды. Білім алу үдерісінің қаншалықты қызықты болуы тек қана өзіңе байланысты болады.

I.N. Tustikbayev

ЖОО таңдар алдында оның студенттік қоғамы мен ұйымдарына көңіл аудар. Біреулер беделді университетте оқуға ынталанса, ал басқалары білім берудің заманауи әдістеріне мән береді, тағы біреулерін оқудан кейінгі жұмыстың межесі ойландырады. Осының бәрі маңызды, бірақ оқудан бөлек студенттің өзін-өзі басқару ұйымдары, КТК (көңілді тапқырлар клубы), пікірсайыс клубтар, конференциялар, спорттық үйірмелер, тренингтер мен шеберлік сыныптар секілді қызықтары көп. ЖОО-дарының оқудан тыс іс-шараларын бағаламау дұрыс емес. Бұл сапалы

іс жүзіндегі тәжірибе беріп, баға жетпес қарым-қатынастық қабілеттер мен жеке тұлға ретінде қалыптасуға орасан зор қолдау болары анық.

Елбасының салиқалы саясатының арқасында Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бастап жастар саясаты еліміздің басты басымдылықтардың біріне айналды. Бүгінгі таңда, еліміздегі азаматтық қоғамның дербес, белсенді және жауапкершілігі мол бөлшегінің бірі - жастар.

Жастар — келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын

құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу қажет. Ол XXI ғасырда Жаңа Қазақстанның — дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жалғастыруы қажет. Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға арналған тұжырымдамасының миссиясы осында жатыр.

Мемлекет және жастардың қарым-қатынасын реттейтін басты құқықтық нормативті құжат болып 2015 жылдың 9 ақпанында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қойған «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңы болып табылады [1].

Жастық шақ деп – адам өмірінің 14 пен 29 жас аралығындағы кезеңін айту қабылданған. Жастық шақ – адам өмірінің ең қызықты әрі ең жақсы кезеңі. Бұл кезең - өмір мен жігердің шыңы, қайрат-жігерге толы, жалындаған кезең болып саналады. Бұл кезеңде оның өзіне деген сенімі мен жаңашылдықты қабылдау деңгейі жоғары болады. Бұл жаста адамның үлкен мақсаттары анықталып, биік армандарға ие болады.

Жастар – қорғалмаған және тұрақты емес топ, ал бір жағынан бұл мемлекетіміздің іргесін бекемдейтін, тәуелсіздігімізді баянды ететін ұрпақ. Жастардың айрықша мәртебесін есепке ала отырып бүгінгі таңда жастардың мәселелерін шеше алатын, сонымен қатар жастардың шығармашылық әлуетін қажетті салаға бағыттайтын мемлекеттік жастар саясатын тиімді жүзеге асыру бойынша тапсырмалар өзекті болып табылуда.

Жастар саясаты жастардың білім, еңбек және жұмыспен қамту, денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етуге, шығармашылық әлеуетін дамытуға, жастарды ауқымды әлеуметтендіру және патриотизм құндылықтарын қалыптастыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

Мемлекеттік жастар саясатының басты мақсаттарының бірі еліміздің әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуына үлес қосуға, ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға жастарды тәрбиелеу.

Елбасының 2008 жылғы 1 шілдедегі № 625 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңесі құрылды және оның дербес құрамы бекітілді. Қазақстан студенттерінің Альянсында осы кеңеске мүше және студенттердің мүдделері мен мәселелерін әрдайым көтеріп жүреді [2].

Кеңестің негізгі міндеттері:

1. жастарға қатысты кешенді мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын анықтау, оны қалыптастыру және іске асыру жөнінде ұсынымдар тұжырымдау;

2. Қазақстан Республикасының Президентін жастар арасындағы ахуал туралы хабардар етіп отыру;

3. мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тиімділігіне талдау жасау;

4. мемлекет саясатының жастарға қатысты өзге де маңызды мәселелерін талқылау.

Кеңестің функциялары:

1) Мемлекет басшысына мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) жастар саясаты мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарап, талқылайды, Қазақстан Республикасы Президентінің жастар мәселелері жөніндегі ресми құжаттарын дайындауға қатысады;

3) мемлекеттік органдардың, жұртшылықтың, үкіметтік емес ұйымдардың, саяси партиялардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін елдің жастар саясаты саласын қозғайтын мәселелерін талқылауға тартады;

4) жастармен жұмыс барысында туындаған мәселелерді шешуде орталық және жергілікті атқарушы органдарға консультативтік көмек көрсетеді;

5) белгіленген тәртіппен мемлекеттік билік органдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

б) жастар саясаты мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта болады.

Кеңес негізгі міндеттерін іске асыру үшін мыналарға құқылы:

1) Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттарды, өзге де материалдар мен мәліметтерді сұратуға және алуға;

2) өз отырыстарында орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының жастар саясаты мәселелері жөніндегі ақпаратын тыңдауға;

3) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жастар саясаты мәселелері жөніндегі жұмысын зерделеуге, талдауға, қорытындысын жинақтауға; осы мақсатта орталық және жергілікті атқарушы органдардың, шығармашылық, ғылыми ұйымдардың және оқу орындарының мамандарын тартуға;

4) ғылыми мекемелердің, білім беру ұйымдарының және үкіметтік емес ұйымдардың қоғамдық негізде жұмыс істейтін өкілдерінен: сараптау-талдау жұмысын жүргізу үшін сарапшылар кеңесін; Кеңес құзыретіне кіретін жекелеген мәселелерді қарау үшін жұмыс топтарын құруға;

5) жастар саясатын іске асыруға байланысты мәселелерді талқылау үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің, сондай-ақ өзге де мемлекеттердің ұқсас құрылымдарымен ынтымақтастықта болуға.

Бүгінде жастар саясаты тәуелсіз Қазақстан елінің басты басымды-қтарының бірі болып табылады. Жастарға айрықша көңіл бөлген мемлекет қана саяси және экономикалық табысқа жете алады. Жастардың инновациялық әлеуетін тиімді қолдана білген мемлекет стратегиялық артықшылыққа ие болады. Сондықтан да елімізде жастарды жалпы қоғамдық үдерістерге қосу мақсатында ынталандыру шаралары іске асырылып, олардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін мемлекеттік деңгейде жағдай жасалуда. Елімізде жастар саясаты қалай жүзеге асырылып жатқанын баяндап өтейік.

Жыл басында 2019 жыл Елбасы бастамасымен Жастар жылы деп жарияланды. Жарты жылға жуық уақытта біршама жұмыстар атқарылды. Қазақстан студенттері Альянсының тарапынан Жастар жылы аясында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен Республика бойынша «Жастардың өзін-өзі басқару жүйесін дамыту» атты жобасын іске қосылды. Бұл жобаның аясында 17 өңірде жастар ісі жөніндегі комитет басшыларының ЖОО мен колледждердегі облыстық кеңестері құрылуда. Облыстық кеңестің жұмыс топтары студенттердің әлеуметтік, тұрмыстық, білім саласындағы мәселелерін шешумен айналысады. Қазіргі уақытта Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент қаласы және Павлодар, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Алматы, Ақтөбе, Батыс-Қазақстан облыстарында арнайы кеңес өз жұмысын бастап кетті. Осы жылдың соңына дейін Маңғыстау, Атырау, Қостанай облысында және тағы бірнеше өңірде құрылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Қаржы орталығымен Елбасының 5 әлеуметтік бастамасындағы үшінші әлеуметтік бастамаға сәйкес – 75 мың орындық жатақханаға байланысты меморандумға қол қойылды. Жарты жылдықта Алматы, Шымкент қалаларында жаңадан тұрғызылған жатақханалар ашылып, қазіргі уақытта мониторинг жүргізіліп жатыр.

Нұр-Сұлтан қаласында Республика жастарына, студенттерге арналған INUB coworking орталығы ашылды. Бұл орталықта кез келген жасқа қолжетімді қызмет көрсетіледі. Қазақстан студенттер Альянсының тарапынан, қазіргі уақытта өңірлердегі студенттермен кездесулер өткізіп, студенттер арасындағы ең өзекті мәселелерді талқыға салып, осы мәселелерді біз Үкіметке жолдау дамыз.

Жоғарыда айтып өткендей, Жастар ісі жөніндегі комитетке қарасты облыстық кеңестер жыл соңына дейін барлық 17 өңірде құрылады. Республика бойынша, Жастар ісі жөніндегі комитеттерге бірыңғай жүйе құрылады. Студенттерге арналған ашық сайт ашылады. Заңнамалық актілерге өзгертулер енгізу үшін ұсыныстар беріледі. Ерікті болып жүрген студенттердің шәкіртақы көлемі 1 қыркүйектен бастап 30 пайызға артады. Жаз айларында жазғы Республикалық студенттер лагері, қысқы маусымда қысқы лагерь ұйымдастырылады. Бірінші Республикалық студенттер және Жастар ісі жөніндегі комитеттердің слеті өтеді. Облыстарда Республикалық деңгейде дебат турнирлері, ктк ойындары, спорттық спартакиадалар, семинар форумдар ұйымдастырылады.

Студенттердің ең негізгі проблемаларының бірі, бұл жатақхана мәселесі. Қазіргі уақытта Республика бойынша іске қосылған жатақханалардың әлеуметтік жағдайын жақсартып, қайта жөндеу жұмыстарынан өткізу көзделген. Одан бөлек, жастар арасындағы жұмыссыздық, ЖОО мен колледждердегі жемқорлық сияқты мәсе-

лелер – студенттердің негізгі проблемалары. Студенттердің саналы түрде білім алуына жағдай жасау үшін шәкіртақы бағасын көтеруді, сондай-ақ, шәкіртақы сомасын айлық есептік көрсеткішке тіркесек деген ұсыныстарымыз бар. Колледждерде оқитын студенттерге тегін білім берілсе деген идея да студенттер тарапынан айтылып жүр. Қалаларда жол жүру бағасының қымбаттығына байланысты студенттерге қоғамдық көлікте тегін жүруге немесе жеңілдік жасау көзделген.

Қазақстанда 540 мыңға жуық студент бар. (Әр жыл сайын 150 мың мектеп түлегі студент атанады. Мемлекет тарапынан жыл сайын 75 мыңнан астам білім гранты ұсынылады. Яғни, мектеп бітіруші түлектердің тең жартысы грантқа ие болады) Олардың әрқайсысының өзіндік көзқарасы бар. Тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген қазақстандық жастардың бойынан ашықтық, қайсарлық, еркіндік байқалады. Қазіргі уақыттың өзінде еліміздің дамуына өз үлестерін қосқысы келеді. Сондықтан олар, елдегі саяси өзгерістерге оң көзқараспен қарайды деген ойдамын.

Қазақстан-Ресей жастарының форумында 2020 жылды «еріктілер жылы» деп жариялады. Бұл жаңалық – біздің ел үшін қуанышты жағдай. Себебі, қазіргі уақытта еріктілер саны күннен күнге өсіп келе жатыр. «Ерікті» кез келген мектеп оқушысы, студент, орта буын өкілі, қарт адам да болуы мүмкін. Яғни, ерікті – елге, қоғамға пайдасын тигізгісі келетін, жас мөлшеріне шектеу қойылмаған кез келген қазақстандық. 2020 жылды еріктілер жылы деп жариялау, осы адамдардың еңбектерін бағалау деп ойлаймын. Осы жыл аясында Республикалық еріктілер желісі құрылып, біржүйелендіріліп, халықаралық деңгейде ішаралар өткізіліп, еріктілер базасы әзірленіп, олардың қоғамдағы орыны айқындалады.

Жақында АҚШ-та ұйымдастырылған БҰҰ-ның жанындағы экономикалық және әлеуметтік жастар форумына қатысу мақсатында Нью-Йорк қаласына барған Қазақстан делегациясының құрамында болдым. Шыныкерек, деңгей өте жоғары. 180-нен аса мемлекеттен түрлі лауазымды саяси тұлғалар қатысты. Форум барысында халықаралық деңгейде жастардың мәселелері көтеріліп, шешу жолдары айтылды. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, өзіміздің мемлекетімізде тың бастамаларды жүзеге асыруға болады екен. БҰҰ-да тұрақты даму көрсеткіші бар. Сол көрсеткіштер аясында жұмыс жасау өте қолайлы және сенімді екенін ұқтық. Алдағы уақытта көкейге түйген ойларды жүзеге асыратын боламыз.

Бүгінгі таңда жастар саясаты, оларға көрсетілетін тәлім-тәрбие мәселесі, жастарды әлеуметтік жақтан қорғау маңызды сұрақтар қатарынан орын алады.

Жастар саясатын дамытудың аталған бағыттары – үкімет пен жастар ұйымдары арасын байланыстыратын, біріктіретін ортақ мүддеміз.

Бүгінгі жастар – ертеңгі тізгін ұстар мамандар, қоғам қайраткерлері. Оларға дұрыс бағыт беріп, мемлекеттік

жастар саясатының бір бағыты болып табылатын «кадрлық резерв» мәселесін қалыптастыру да университет қабырғасынан басталу керек.

Бүгінде осы тарапта жастар бойындағы патриотизмді қалыптастыру барысында әртүрлі оқу орындарын да түрлі ұйымдар жұмыс жасайды.

Жастар ісі жөніндегі комитет – мемлекеттік ұйымдар мен университеттегі жастар ұйымын байланыстырып, жастар саясатын дамытуға қатысты іс-шараларды жүзеге асыруға үлес қосады. Университеттегі Жастар ісі жөніндегі комитет келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді:

- ҚР мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, студент жастардың әлеуметтік қорғалуы мен құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету;

- университет жастарының санасына отаншылдықты, рухани-адамгершілікті сініру;

- өзін-өзі басқару және қызығушылықтары бойынша құрылған клубтардың, университеттің қоғамдық ұйымдарының жұмысын үйлестіру;

- студент жастар арасындағы құқық бұзушылық, жемқорлық іс-әрекеттер мен діни экстремизмге қарсы алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру;

- қоғамдық-саяси, адамгершілік, этно-мәдени және салауатты өмір салтын насихаттайтын іс-шараларды ұйымдастыру;

- тілдер кафедрасымен бірлесіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеретін іс-шараларды ұйымдастыру;

- және т.б.

Студенттік ұйымдар университеттен тыс тәрбиелік іс-шаралардың ұйымдастырылуын жүзеге асырады. Студенттік ұйымдар жастарды проблемалық мәселелер бойынша саналы шешім қабылдауға баулиды.

Негізгі мақсаттары:

- Университеттегі жастар мен студенттердің өзін-өзі басқаруын жан-жақты дамыту;

- Студенттердің бойында академиялық шыншылдық мәдениетін қалыптастыру;

- Жатақханада тұратын студенттердің азаматтық рөлі мен жауапкершілігін арттыру;

- Студент-жастардың бойында патриоттық рухты дамыту;

- Студенттердің жеке қабілеттері мен интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту;

- Тұлғаның адамгершілік, азаматтық қасиеттерін кемеліне жеткізу;

- Саналы азаматтық көзқарасын оятып, қазақстан республикасының дамып-гүлденуіне мақтанш сезімін, патриоттық жігерін қалыптастыру;

- Қоғамдағы жаңалықтар тоғысын саналы, сабырлы пайымдау мінезін, шынайы шешімдерді қабылдау мәдениетін, толеранттылықты қалыптастыру;

- Өз ортасындағы, қоғамдағы белсенділікке, жауапкершілікке, қайырымдылыққа деген ынта-ықыласына жол ашу;



- Тұлғаның үздіксіз жетілуіне тірек болатын қабілеті мен дарынын шыңдау.

Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Бес әлеуметтік бастама» аясында жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту жөнінде тиісті тапсырма берген болатын [3].

Тағы бір айта кететін жақсы жоба Жастар жылының шеңберінде Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің және Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен бірлесіп «Студенттер үйі 2.0» жобасын іске қостық. Бұл акция 2005 жылдан бері өткізіліп келе жатқанын айта кету керек. Ал мемлекеттің қолдауымен акция биыл жаңа республикалық ауқымға ие болды.

Жоба студенттердің өмір сапасын толыққанды жетілдіруге бағытталған. Акцияның басты мақсаты – жатақханаларда тұратын студенттердің қоғамдағы белсенділігін арттыру, азаматтық рөлі мен жауапкершілігін дамыту, қоғам игілігіне студенттердің тұлғалық және интеллектуалдық, потенциалдық мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасау болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде 500 мыңнан астам студент еліміздің жоғарғы оқу орындарында білім алуда, олардың кемінде 40% басқа елді мекендерден қоныс аударып, жатақхана тапшылығын сезінеді.

Бұл науқан екі кезеңде өтеді. Маусым-қараша айларында 100 мыңнан астам студенттер арасында сауалнама жүргізіледі. Жиналған пікірлер негізінде қорытынды жасалынады. Сауалнамалар негізінде құрылған АСК және АҚДМ ұсыныстары тиісті уәкілетті органдарға берілетін болады.

Биыл барлық республика аймағындағы студенттерге сайт іске қосылады. Сол сайттың ішінде кез келген студент анонимді түрде немесе ашық түрде өздерінің шағымдарын, ұсыныстарын айта алады. Сол жерде қорытынды рейтингтер жарияланатын болады.

Қазіргі уақытта еліміздің 124 университетінде 542 458 студент білім алуда. Оларға арнап 82 мыңнан астам сту-

дент тұратын 251 жатақхана жұмыс істейді. Бұдан басқа, 769 колледжде 229 044 студент оқиды. Оның ішінде 439 жатақханада 46 мыңнан астам студент тұрады. Бұл мақсатқа 2022 жылға дейін, білім және ғылым министрлігінің ақпараты бойынша, 152 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінген. Биылғы жылы бізде 9,6 мың орындық 29 жатақхана, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Қызылорда облыстарында салу жоспарланған.

Студенттер арасында Студенттік кәсіподақ ұйымының алатын орны ерекше. Кәсіподақтың мақсаты – студенттердің қызығушылығын қолдап, білім алу құқығын қорғап және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде көмек қолын созу.

Студенттік кәсіподақ ұйымының міндеттері:

Мемлекеттік оқу орындарымен, оқытушылармен және олардың бірлестіктерімен өзара қарым-қатынасында, кәсіподақ мүшелерінің заңды құқықтары мен мүдделерін сот, басқа да органдарда қорғауға және тегін құқықтық көмек көрсету.

Өз кәсіподақ мүшелерінің жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысу.

Университеттің студент жастарының құқыққа қайшы әрекеттерінің алдын алу.

Өз кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік және экономикалық қорғау бойынша жоспарлар мен бағдармалар дайындауға қатысу.

Заңды белгіленген тәртіппен өз мүшелеріне қатысты студенттік, тұрмыстық, білім алу, еңбек қорғау және кәсіподақтар туралы заңдылықтарын бұзылмауын бақылауға және жіберілген кемшіліктерді жоюды талап ету.

Кәсіподақ мүшелері мен жасөспірімдерді сауықтандыру, туризм, демалысты ұйымдастыру және өткізуге жәрдемдесу.

Өзінің және өзге жақтан тартылған қаражаттар есебінен, кәсіподақ мүшелері үшін әлеуметтік-экономикалық бағыттағы қорлар ұйымдастыру.

Жастардың мәдени бос уақытын өткізу.

Кәсіподақ мүшелеріне, студенттік жанұяларға, жанұя жағдайы нашар студенттерге және жетім студенттерге материалдық көмек көрсету.

Кәсіподақ Жарғысында белгіленген, басқа қызмет түрлерін жүзеге асыру

Студенттік кәсіподақ ұйымы келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді:

- Идеологиялық бағыт (студенттерге әлеуметтік-экономикалық жағдай жасау, олардың рухани-мәдени дамуына, шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, білім алып, салауатты өмір сүруіне қолдау көрсету)

- Әлеуметтік бағыт (мұқтаж студенттерге материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыру, университеттің қоғамдық жұмысына белсене қатысқан және оқуда озат болған студенттерді марапаттау).

Қорыта келгенде, Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында айтқандай: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады» деп атап өткен болатын. Қанымызға ата-бабаларымыздың сіңген ұлттық рух, күш-жігер, намыс, еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілік бұлардың барлығы қазақтың деген әрбір адамның бойында болуы тиіс қасиеттер екені сөзсіз. Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлы «Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті» деп бекер айтпаса керек. Бұл – асыл қасиеттерді өшірмей, үнемі жандандырып отыру қажет. Жастар қуаты – Қазақстан болашағы үшін!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Заңы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» [Электрондық ресурс]: 2015 жылғы 9 ақпан № 285-V ҚРЗ / Ақпараттық-құқықтық жүйесі "Әділет". - Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285>

2 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес туралы» [Электрондық ресурс]: 2008 жылғы 1 шілде № 625 / Ақпараттық-құқықтық жүйесі "Әділет". - Қол жеткізу режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U080000625_#z7

3 Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі [Электрондық ресурс]: 2018 жылғы 5 наурыз. - Қол жеткізу режимі: http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/kazakhstan-prezidenti-nursultan-nazarbaevtyyn-prezidenttin-bes-aleumettik-bastamasy-atty-halykka-undeui

Илияс Нұрболұлы Түстікбаев

Қазақстан студенттері Альянсының Президенті

E-mail: iliyas01kz@mail.ru, ask_ksa@list.ru

Ilyas Nurboluly Tustikbayev

President of the Republican Student Movement
«Alliance of Students of Kazakhstan»

E-mail: iliyas01kz@mail.ru, ask_ksa@list.ru

Предпринимательское образование в контексте инновационного развития Казахстана
22-23 мая 2019 г.

В г. Нур-Султан прошел III Международный форум «Предпринимательское образование для инновационной экономики». Организаторами форума выступили Министерство образования и науки РК, Алматы Менеджмент Университет (AlmaU), Международный финансовый центр «Астана» (МФЦА), со-организаторами: Национальная Палата Предпринимателей «Атамекен» РК, Ассоциация предпринимательских университетов РК, Управление образования, г. Нур-Султан.

Представители НААР/IAAR приняли активное участие на сессиях форума, на которых эксперты Казахстана, Германии, Великобритании, России и США обсудили вопросы развития широкого партнерства государства, образования, бизнеса и гражданского общества; компетенции, кейсы и новые идеи эффективного предпринимательского образования. Актуальными были сессии по таким вопросам как образовательные решения для управленческих команд, тренды непрерывного профессионального развития, выявление и развитие таланта предпринимателя. Завершился форум награждением победителей конкурса "Startup Making Day".

Национальная рамка отчетности Туринского процесса – в центре внимания экспертов

12 июня 2019 г.

Управление стратегического развития и мониторинга НАО «Холдинг «Кәсіпқор» провело в г.Нур-Султан круглый стол (семинар) по обсуждению национальной рамки отчетности Туринского процесса. В ходе семинара был представлен анализ политики системы ТиПО по блокам Национальной рамки отчетности, в том числе «Обзор страны и национальной системы ТиПО», «Экономическая ситуация и состояние рынка труда», «Социальная среда и индивидуальный спрос на ТиПО», «Внутренняя эффективность и работа системы ТиПО» и «Управление и финансирование ТиПО». Советник по стратегическому развитию Независимого агентства аккредитации и рейтинга (НААР/IAAR) приняла активное участие в обсуждении политики в области ТиПО и предложила рекомендации, направленные на улучшение системы ТиПО.

Турин процесі есебінің ұлттық шеңбері – сарапшылардың назарында

12 маусым 2019 ж.

«Кәсіпқор "Холдинг» КЕАҚ стратегиялық даму және мониторинг басқармасы Нұр-Сұлтан қаласында Турин процесі есебінің ұлттық шеңберін талқылау бойынша дөңгелек үстел (семинар) өткізді. Семинар барысында Ұлттық есептілік шеңберінің блоктары бойынша ТЖКБ жүйесінің саясатына талдау жасалды, оның ішінде "Ел бейнесі және ТЖКБ ұлттық жүйесіне шолу», «Экономикалық жағдай және еңбек нарығының жағдайы», «ТЖКБ-ға әлеуметтік орта және жеке сұраныс», «ТЖКБ жүйесінің ішкі тиімділігі және жұмысы» және «ТЖКБ-ны басқару және қаржыландыру». Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (АРТА/IAAR) стратегиялық даму жөніндегі кеңесшісі ТЖКБ саласындағы саясатты талқылауға белсенді қатысып, ТЖКБ жүйесін жақсартуға бағытталған ұсыныстарды ұсынды.

**НОВОСТИ
ЖАНАЛЫҚТАР**

Қазақстанның инновациялық дамуы контекстіндегі кәсіпкерлік білім

22-23 мамыр 2019 ж.

Нұр-сұлтан қаласында «Инновациялық экономика үшін кәсіпкерлік білім беру» III Халықаралық форумы өтті. Форумның ұйымдастырушылары ҚР Білім және ғылым министрлігі, Алматы Менеджмент Университеті (AlmaU), «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО), ҚР «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы, ҚР Кәсіпкерлік университеттер қауымдастығы, Білім басқармасы, Нұр-сұлтан қ. Форумның мәжілістеріне АРТА/IAAR өкілдері қатысты, онда Қазақстан, Германия, Ұлыбритания, Ресей және АҚШ сарапшылары мемлекет, білім, бизнес және азаматтық қоғамның кең ауқымды серіктестігінің дамуын талқылады; құзыреттілік, іскерлік зерттеулер және тиімді кәсіпкерлік білім беру үшін жаңа идеялар. Басқару командалары үшін білім беру шешімдері, үздіксіз кәсіптік даму үрдістері, кәсіпкердің талантын анықтау және дамыту сияқты мәселелер бойынша сессиялар маңызды болды. Форум «Startup Making Day» байқауының жеңімпаздарын марапаттаумен аяқталды.

МРНТИ 14.01
УДК 377



АЛЕНОВА Н.С.
ALENOVA N.S.

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ – РЕСУРС ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ - БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ ЖӨНІНДЕГІ РЕСУРСТАР

SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL SUPPORT - A RESOURCE TO IMPROVE THE QUALITY OF EDUCATION

Научно-методическое сопровождение учебно-воспитательного процесса - это один из главных ресурсов обеспечения качества образования. Приоритеты учебно-методической службы колледжа направлены на совершенствование образовательного пространства через обновление содержания, на профессиональное развитие педагогов.

Ключевые слова: конкурентоспособность выпускников, инновации, образовательный процесс, качество образования.

Оқу үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету - білім сапасын қамтамасыз етудің негізгі қорларының бірі. Колледждің оқу-әдістемелік қызметтерінің басымдықтары білім беру кеңістігін мазмұнды жаңартып, мұғалімдердің біліктілігін арттыру арқылы жақсартуға бағытталған.

Түйін сөздер: тұлғалардың бәсекеге қабілеттілігі, инновациялар, оқу үрдісі, білім сапасы.

Scientific and methodological support of the educational process is one of the main resources for quality assurance of education. The priorities of the college's educational and methodological services are aimed at improving the educational space through updating the content and at the professional development of teachers.

Key words: graduates' competitiveness, innovations, educational process, quality of education.

Быть учителем – не служба, а Богом данное призвание. Высокую душу для этого следует иметь, способную отдать свой пламень другим людям, ничего не требуя взамен.

Ыбырай Алтынсарин

Государственное учреждение «Профессиональный лицей № 6» создано на основании Постановления акима города Астаны от 21 августа 2009 года № 22-751п. «О создании государственного учреждения «Профессиональный лицей № 6» Управления образования города Астаны» для детей сирот и де-тей, оставшихся без попечения родителей [1]. Лицей был постро-ен на средства ТОО «Корпорация Казахмыс», по поручению Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. В 2012 году лицей преоб-разо-ван в КГУ «Профессионально-технический кол-ледж» г. Астаны.

Миссия колледжа актуальна, соответствует требо-ваниям современности: «Содействие социально-эко-номическому развитию и благосостоянию общества путем удовлетворения потребностей личности в каче-ственных профессиональных образовательных услугах, как гарант конкурентоспособности выпускников, ори-ентированных на требования современного рынка».

Уникальность учебного заведения

Образовательные услуги детям - сиротам и детям, оставшихся без попечения родителей, детям из семей, получающих адресную социальную помощь государ-ства.

Колледж ведет подготовку специалистов в области технического профессионального образования по 10 специальностям и 14 квалификациям

В 2017 году колледж прошел институциональную и специализированную аккредитацию по десяти специ-альностям в Независимом агентстве аккредитации и рейтинга.

Научно-методическое сопровождение учебно-вос-питательного процесса - это один из главных ресурсов обеспечения качества образования. Приоритеты учеб-но-методической службы колледжа направлены на совершенствование образовательного пространства

через обновление содержания, на профессиональное развитие педагогов. Внедряются инновации с интеграцией традиционного формата в образовательный процесс колледжа. В целях повышения качества образования и развития профессиональной компетенции педагогов, согласно нормативным документам в области образования РК в колледже функционируют:

- Педагогический совет
- Методический совет
- Предметно – цикловые комиссии
- Творческие группы педагогов по внедрению инноваций
- Научное общество преподавателей и студентов
- Ресурсный центр «Зал молодого патриота»

Методическая служба колледжа взаимодействует с учебно-методическими организациями, центрами профессионального развития: Центр модернизации образования г. Астаны, НАО «Кәсіпкор», АО Национальный центр повышения квалификации «Орлеу», Республиканский учебно-методический центр по дополнительному образованию, Учебный центр по изучению английского языка, сотрудничает и взаимодействует с НПО, интеллектуальными центрами городского, республиканского и международного уровней. Эффективное взаимодействие способствует динамике роста и развитию педагогического коллектива

Инновации, как ресурс модернизации учебно-методического пространства колледжа. Педагогический коллектив колледжа разработал направления по повышению качества образовательной деятельности колледжа:

- организация прохождения курсов, семинаров преподавателями в государствах Европы и Азии: Англия, Финляндия, Швейцария, Финляндии, Турция, Малайзия, Россия, Беларусь;
- совершенствование использования инновационных методов, приемов обучения, ИКТ, онлайн-ресурсов;
- разработка авторских проектов, элетронных пособий по совершенствованию содержания преподавания учебных дисциплин;



- реализация программы по дуальному обучению;
- реализация программы модульно-компетентного подхода;
- реализация программ кластеров по профильному направлению;
- креативное функционирование сайта колледжа;
- функционирование личного кабинета преподавателей на сайте колледжа;
- Международное сотрудничество. Реализация международного проекта с колледжами Англии;
- Реализация меморандумов с колледжами России;
- Посещение Российского чемпионата в г. Казани и Европейского чемпионата в городе Гетеборг (Швеция);
- Массовая пропаганда ЗОЖ среди преподавателей и студентов;
- Организация спортивного часа для всех сотрудников колледжа;
- Организация изучения английского языка преподавателями.

Проведение и организация городских научно-практических конференций способствует росту научно-исследовательской культуры преподавателей и студентов нашего колледжа, росту мотивации студентов колледжей г. Нур-Султан по исследовательской деятельности. Проекты студентов, имеющую практическую, профильную направленность, проходят более глубокую экспертизу, и направляются для участия в республиканских, международных творческих форумах, научно-практических конференциях.

В колледже создан ресурсный центр «Зал молодого патриота» для студентов колледжей г. Нур-Султан. Зал размещает материалы по истории развития Казахстана с древнейшего времени по современный период. Интересные экспонаты, сувениры, книги отражают роль и масштаб деятельности Первого Президента РК, Лидера нации. Стенды отражают историю государственных символов Республики Казахстан, географию РК и историю развития колледжа. В течение года в Зале молодого патриота педагоги колледжей города Нур-Султан проводят уроки, внеклассные мероприятия.

Ежегодно в колледже проводятся городские семинары День открытых дверей: «Качественные профессиональные образовательные услуги, как гарант конкурен-

тоспособности выпускников». В процессе проведения городских семинаров, мастер-классов транслируем и распространяем инновационный педагогический опыт. Данные формы работы способствует методическому росту педагогов, росту количества экспертов среди преподавателей в международных комиссиях по аккредитации колледжей, национального чемпионата Worldskills, республиканских, городских творческих и рабочих группах по проектированию положений творческих, профессиональных конкурсов, рост количества внештатных тренеров НАО «Кәсіпкор».

Социальное партнерство дает возможность расширить границы возможностей по повышению качества профессиональной практики студентов и подготовки высококвалифицированных специалистов. Сотрудничая с 50 социальными партнерами, организуется качественная практика на производстве. По специальности «Техническая эксплуатация дорожно-строительных машин, функционирует ресурсный центр созданный производственной организацией ТОО «Ассай кран».

Данная система деятельности обеспечивает результативность:

- Грант Акима г. Астаны «Лучший лицей-2011 г.», «Лучший колледж-2014 г.»
- Победители и призеры республиканских, городских научно-практических конференций
- Победитель городского чемпионата, студент Сапармурат Бердибек принял участие в чемпионате Worldskills Казахстан - 2018г.
- Городской конкурс видео-уроков: Габдуллина Ж.А., мастер производственного обучения – 2 место, Каппасова М.Е., преподаватель казахского языка номинация «Методист» - 2018 г.
- Городской конкурс «Лучший преподаватель физкультуры» Жанекеев Б.С. - 2 место, 2017 г.
- Победители, призеры городского конкурса «Индустрия красоты» 1,2,3 места.
- 4 место в городской спартакиаде среди колледжей г. Астаны - 2018 г.

Стратегическое видение педагогического коллектива по модернизации колледжа

- Колледж – свободное образовательное пространство адаптации, социализации и профессионализации педагогов и студентов.

- Увеличение стажировок преподавателей, студентов в зарубежных организациях образования, на базе производственных организации социальных партнеров.

- Привлечение в образовательный процесс лучших специалистов производственных организаций.

- Повышение качества подготовки специалистов через углубление практической направленности обучения.

- Доступность поступления в колледж всех категорий выпускников.

- Открытие новых, современных профессий, востребованных на рынке труда.

- Совершенствование цифровизации образования.

- Расширение географии участников научно-практических конференций (международные, республиканские).

- Актуализация сотрудничества с Попечительским советом.

- Открытие Ресурсного центра по специальности: «Техническая эксплуатация дорожно-строительных машин» [2].

Базисной стратегией в профессиональном развитии педагогов колледжа является развивающая методическая поддержка, которая выводит педагога и систему деятельности педагогического коллектива на инновационную деятельность, результативность и профессиональную самореализацию. Профессиональная компетенция педагогов обеспечивает качественную реализацию образовательной политики организации образования.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Постановление акима города Астаны «О создании государственного учреждения «Профессиональный лицей № 6» Управления образования города Астаны»: от 21 августа 2009 года № 22-751п.

2 Стратегическое видение педагогического коллектива по модернизации колледжа [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ptk.astana-bilim.kz/>

Накия Салимгереевна Аленова

Заместитель директора по учебно-методической работе, КГУ «Профессионально-технический колледж» г. Нур-Султан

E-mail: nakiya.alenova@mail.ru

Nakiya Salimgereeva Alenova

Deputy director for educational and methodical work, MGI «Professional-Technical College» of Nur-Sultan city

E-mail: nakiya.alenova@mail.ru

МРНТИ 14.01.
УДК 377.1



ТУГЕРОВА Г.Б.
TUGEROVA G.B.

МОДУЛЬДІК-ҚҰЗЫРЕТТІЛІК НЕГІЗІНДЕ ЖАСАҚТАЛҒАН ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

НОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ МОДУЛЬНО-КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД

NEW EDUCATIONAL PROGRAMS MODULE COMPETENCE APPROACH

Бұл мақалада техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі модульдік-құзыреттілік негізінде жасақталған білім беру бағдарламасының мазмұны және еңгізілуі қарастырылған.

Түйін сөздер: жаңа бағдарлама, модуль, құзыреттілік, мамандық, біліктілік, автоматтандыру, колледж.

В данной статье обсуждается содержание и реализация модульной образовательной программы, основанной на компетенциях в системе технического и профессионального образования.

Ключевые слова: новая программа, модуль, компетенция, специальность, квалификация, автоматизация, колледж.

This article discusses the content and implementation of a module educational program based on competencies in the system of technical and vocational education.

Key words: new program, module, competence, specialty, qualification, automation, college.

Қазақстан Республикасында ТжКББҰ білім беру үлгісімен инфрақұрылымының сәтті құрудың негізгі факторының бірі білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұны мемлекеттің дамып келе жатқан экономикасының және халықаралық талаптарға сәйкестігі болып табылады.

«Кәсіпқор холдингі» (бұдан әрі – Холдинг) әзірлеген модульді-құзыреттілік негізінде жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу – сапаны қамтамасыз ету, кадрларды даярлау басты бағыттарының бірі.

Жаңа білім беру бағдарламалары 2012 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін әзірлеу жүргізіліп жатыр.

2012 жылдан 2015 жылға дейін тек қана шетелдік серіктестер әзірледі, ал 2016жылдан бастап бұл бағдарламаларды Холдинг халықаралық талаптарға сәйкес және Қазақстанның жұмыс берушілерінің қажеттіліктерін есепке ала отырып әзірлеген.

Қазіргі таңда әр түрлі өзекті мамандықтар бойынша 74 жаңа білім беру бағдарламаларын әзірленді. Жаңа білім беру бағдарламаларын негізі модульдік-құзыреттілік тәсіл болып табылады.

2016 жылы 1302000-«Автоматтандыру және басқару» жаңа білім беру бағдарламасын әзірлеу жұмыстары өз еңбегінің үлесін қостым.

Бағдарламаның мазмұны келесі білім беру бағдарламасына түсіндірме жазба, қысқартулар мен белгілеулер тізімі, функционалдық талдау, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар, білім беру бағдарламасының құрылымы, білім беру бағдарламасының (модульдердің) мазмұны, оқу-жұмыс жоспары, оқу үрдісінің жоспарына (оқу жоспарына) түсіндірме жазба, ұсынылатын жабдықтар және әдебиеттер тізімінен тұрады.

Білім беру бағдарламасы орта буын мамандары мен білікті жұмысшы кадрларға қойылатын халықаралық

заманауи талаптарды ескере отырып, шетелдік серіктес Dudley college (Ұлыбритания) қатысуымен модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде дайындалды.

Бірқатар еуропалық елдерде қолданылатын техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын кәсіптік оқыту және даярлаудың білім беру бағдарламаларының халықаралық тәжірибесі, құрылымы және мазмұны:

- бір мамандық бойынша оқу жоспары мен білім беру бағдарламасы аясында бірнеше құзыретті алуға бағдарланған;

- құрылымы және мазмұны жөнінен техникалық және арнайы пәндер мазмұны мен оқу-өндірістік жұмыс түрлерін сипаттаумен дәстүрлі пәндік-циклдық тәсілдемеден ерекшеленеді;

- жалпы кәсіптік және кәсіптік даярлық пәндері нақты біліктілік құзыреттеріне бағдарланған бірнеше модульге біріктірілген;

- болашақ кәсіптік қызметтің біліктілік құзыретінің белгілі бір түрлерін орындауға бағдарланған оқу модульдерінің қалыптасуын талап етеді.

Аталмыш білім беру бағдарламасын дайындаушылар еуропалық елдердің білім беру бағдарламаларын, өмір бойы оқытудың халықаралық тұжырымдамаларының жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескерді, себебі білім беру бағдарламаларының мазмұны, бір жағынан, еңбек саласындағы өзгермелі жағдайға бейімделуге, екінші жағынан, кәсіби өсу мен білім алуды жалғастыруға қабілетті болашақ мамандардың кәсіптік құзыреттілігінің қалыптасуына бағытталған. Сонымен қатар техникалық және кәсіптік білім беру МЕМББСТ жалпы талаптары, сондай-ақ оған қоса тіркелген оқу жоспарлары мен кәсіптік стандарттар белгілеген біліктілік деңгейлері бойынша білім, білік, дағдылар мен құзыреттерге қойылатын талаптар үлгісінің құрылымы ескерілді.

Осы білім беру бағдарламасын дайындау кезінде модульдік-құзыреттілік тәсілдеме және орта буындағы білікті жұмысшы кадрлар мен мамандарды даярлау бойынша модульдік оқытуды енгізу қажеттілігі негізінде мынандай түйінді анықтамалар пайдаланылды:

модульдік оқыту бағдарламасы – бір мамандық аясында кәсіптік қызметтің белгілі бір түрлерін орындауға қажет білімдер, біліктер мен құзыреттерді игеруге бағытталған білім беру бағдарламасының бір бөлігі;

модуль – білім беру бағдарламасының тәуелсіз, толыққанды және тұтас бөлімі;

жұмыс оқу бағдарламасы – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы типтік оқу бағдарламасы негізінде нақты пән, іс-тәжірибелер, оқу қызметінің өзге түрлері (модульдер) үшін дайындайтын құжат;

модульдік бірлік – бұл бөлінуі мүмкін еңбектің басы мен аяғы болатын, белгілі бір кәсіпте еңбектің қисынды қолайлы бөлінісі, бұдан әрі мұның нәтижесі өнім, қызмет немесе жұмыстың бір бөлігі (жұмысшы операция) болады – ХЕҰ (халықаралық еңбек ұйымы) анықтамасы; оқу модулі (модульдік оқу бірлігі) – болашақ біліктіліктің нақты дағдыларын білуді және орындалуын қамтамасыз ететін бір оқу модулі (пәні) аясындағы оқыту мазмұны бөлімдерінің (тақырыптарының) жиынтығы;

біліктілік – алынған мамандық бойынша белгілі бір қызмет түрін құзыретті орындауға даярлық деңгейі; оқу процесінің жоспары (оқу жоспары) – сәйкес білім деңгейі мен бақылау нысанындағы білім алушылардың оқу пәндерінің (модульдерінің), іс-тәжірибелердің және оқу әрекетінің өзге түрлері тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) реттемелейтін құжат;

1302000 – «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы Қазақстанның металлургия және энергетика салаларына арналған өндірістік процестерді автоматтандыру саласындағы білікті мамандардың жаңа буынын дайындау мақсатында және ел аумағындағы кәсіпорын- б дар мен компаниялардың қажеттіліктерін талдау негізінде әзірленген. Білім беру бағдарламасы келесі мамандарды дайындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі - ҰБШ) 3,4 және 5 біліктілік деңгейіндегі құзыреттілік талаптарын ескере отырып дайындалған: 130201 2 – Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика бойынша слесарі (ҰБШ 3 деңгейі); 130202 3 – Электромеханик (ҰБШ 4 деңгейі); *****– Технологиялық процестерді автоматтандыру бойынша кіші

инженер (ҰБШ 5 деңгейі). Білім беру бағдарламасы жұмысшы мамандығы бойынша мамандарды дайындау мен білікті жұмысшы сертификатын беру, сонымен қатар, колледж аяқтағаны туралы диплом беріп орта буын мамандарын дайындауды, технологиялық процесстерді автоматтандыру бойынша кіші инженерді дайындап, диплом беруді қарастырады.

Білім беру бағдарламасы республикамыздың ірі политехникалық колледждері еңгізді. Атап айтсақ, Саламат Мукашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі, Ақтобе политехникалық колледжі, Техникалық және гуманитарлы бағыттағы жоғары колледжі (Қызылорда облысы), Өскемен политехникалық колледжі, Шымкент политехникалық колледжі, Семей электротехникалық колледжі және т.б.

